

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Қоғамдық кеңесінің 2019 жылғы қызметі туралы ақпарат

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) жанынан Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес (бұдан әрі - Қоғамдық кеңес) (Министрліктің 4 қыркүйектегі 20-П бұйрығы) құрылды.

Қоғамдық кеңестің құрамына коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйымдардың 22 өкілі және министрліктің 8 өкілі кірді. Қоғамдық кеңестің жанында экология, бюджет, стратегиялық және нормативтік-құқықтық бағыт, геология және су ресурстары, орман, балық шаруашылығы және жануарлар дүниесі бойынша 4 комиссия жұмыс істейді.

2019 жылы Қоғамдық кеңестің үш отырысы өткізілді.

Бірінші отырыс ү. ж. 21 қыркүйекте өтті, онда жаңа Экологиялық кодекстің, «Оператор РОП» Стратегиясының жобалары қаралды, сондай-ақ ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Отырысқа Қоғамдық кеңестің мүшелері, Министрлік өкілдері, ҮЕҰ және шақырылған сарапшылар (барлығы 40-қа жуық адам) қатысты.

2019 жылға арналған Қоғамдық кеңестің бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес 4 мәселе қаралды:

1. Қазақстан Республикасында биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі тұжырымдама жобасын 2030 жылға дейін қарау.

2. Мемлекеттік мониторингтің бірыңғай жүйесінің мәселелерін талқылау.

3. Қауіпті және жойылуы қиын органикалық ластауылытарда және құрамында бар қалдықтарды.

4. Климаттың өзгеруіне бейімделу және парниктік газдар шығарындыларын азайту саласындағы мәселелерді талқылау.

Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшелерімен 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі тұжырымдаманың жобасы мақұлданып, олар бойынша тиісті ұсыныстар берілді.

Үшінші отырыс ү. ж. 11 желтоқсанда өткізілді, онда 4 мәселе қаралды:

1. 044 "технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту жолымен Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындау жөніндегі есеп.

2. Құрамында бояулар бар қорғасынның экологиялық қауіптілігі және олармен жұмыс істеуді заңнамалық реттеу мәселелері.

3. Іле және Ертіс өзендерінің су балансын сақтау үшін Қытаймен аз тоннажды кеме қатынасы мен су туризмін қалпына келтіру перспективаларын талқылау. Су түбіндегі шөгінділерді кәдеге жарату және тереңдету, Іле және Ертіс өзендерінің арналарын қорғау.

4. Каспий итбалығының популяциясын сақтау.

Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жедел өтуіне жәрдемдесу бойынша есепті мақұлдады, сондай-ақ ол бойынша тиісті ұсынымдар берілді. Сондай-ақ, өңірлердің «жасыл» өсуін бағалау әдістемесін сынақтан өткізу,

Нұр-сұлтан қаласындағы ЖЭО-да энергия үнемдеуші технологияларды енгізу прогресін бағалау және «электр энергетикасы» саласында жасыл технологияларды енгізуді тежейтін фактор ретінде субсидиялаудың әсерін бағалау бойынша ұсынымдар берілді.

Министрліктің сайтында <http://ecogeo.gov.kz/ru> арнайы бөлім ашылды, онда Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат орналастырылады

Сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелері тұрақты негізде Министрлік әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарайды.

2019 жылы НҚА 105 жобасы қаралды, оның ішінде:

- қабылдауға ұсынылды-99 НҚА жобасы;

- НҚА 6 жобасына ұсыныстар мен ескертулер жіберілді (*Рыспаева А. Ж. - 3, Роянов О. Н. - 1, Джумалиев К. М. – 2*).

- қарауда-5 НҚА жобасы бар;

- қайтарылған НҚА жобалары-жоқ.

	<p>2019 жылғы 27 қыркүйектегі Қоғамдық кеңес отырысы</p> <p><i>Хаттама</i></p> <p>2019 жылғы 12 қыркүйектегі Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша Қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өтті.</p> <p>1 . Отырысқа Қоғамдық кеңестің, Министрліктің және «Оператор РОП» ЖШС өкілдері қатысты.</p> <p>Қоғамдық кеңестің мүшелеріне жаңа Экологиялық кодекстің және «Оператор РОП» стратегиясының жобалары презентацияланды, сондай-ақ ұйымдастыру мәселелері талқыланды.</p> <p>Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшелерімен жаңа Экологиялық кодекстің және «Оператор РОП» стратегиясы мақұлданып, олар бойынша тиісті ұсыныстар берілді.</p>
2 .	<p>2019 жылғы 19 қарашадағы Қоғамдық кеңес отырысы</p>



Хаттама

2019 жылғы 19 қарашадағы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша Қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Отырысқа Қоғамдық кеңестің, Министрліктің, ҮЕҰ өкілдері және сарапшылар қатысты.

Қоғамдық кеңестің мүшелеріне 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі тұжырымдаманың жобасы презентацияланды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің мүшелерімен 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы биологиялық әртүрлілікті сақтау және орнықты пайдалану жөніндегі тұжырымдаманың жобасы мақұлданып, олар бойынша тиісті ұсыныстар берілді.

2019 жылғы 13 желтоқсандағы Қоғамдық кеңес отырысы



3

Хаттама

2019 жылғы 11 желтоқсандағы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде Экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері бойынша қоғамдық кеңестің отырысы өтті.

Отырысқа Қоғамдық мүшелері, Министрліктің, ҮЕҰ өкілдері және шақырылған сарапшылар қатысты.

Қоғамдық кеңес мүшелеріне «Технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту жолымен Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығының есебі таныстырылды.

Сонымен қатар құрамында бояулар бар қорғасынның экологиялық қауіптілігі, аз тоннажды кеме қатынасы мен су туризмін қалпына келтіру перспективалары, сондай-ақ Каспий итбалығының популяциясын сақтау мәселелері қозғалды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жедел өтуіне жәрдемдесу бойынша есепті мақұлдады, сондай-ақ ол бойынша тиісті ұсынымдар берілді.